

**Астана қаласы Тілдерді дамыту басқармасы
«Руханият» орталығы**

АСТАНА КӨШЕЛЕРІ

Астана, 2011

**Астана қаласы Тілдерді дамыту басқармасының тапсырмасы
бойынша «Руханият» орталығы дайындаған**

Редакция алқасы: А.Ғ.Балаева, О.А.Асанғазы, Х.М.Әбжанов, А.Қ.Байгенжин, В.Р.Гундарев, С.С.Жамболатов, М.Ж.Жолдасбеков, Ә.Кекілбаев, Д.Қамзабекұлы, Ж.Е.Нұркенов, Ф.Оңғарсынова, Н.Ораз, Қ.С.Салғараұлы, М.С.Серғалиев, А.З.Смайыл, С.Ә.Сүлейменова, Е.Е.Тілешов, М.Е.Шекенов.

Астана көшелері. Жинақ /Құраст.: Е.Тілешов, Ә.Бақберді, Н.Майлыбаева. Алматы: «Сардар», 2011, бет.

Жинаққа Астана қаласы көшелерінің атаулары берілді. Көше атаулары берілген тұлғалар, жер-су атаулары, тарихи оқиғалар жөнінде қысқаша мәліметтер ұсынылған. Кітап Елорда тұрғындары мен қонақтарына, сондай-ақ, көпшілік қауымға арналған.

Улицы Астаны. Сборник /Сост.: Е.Тілешов, Ә.Бақберді, Н.Майлыбаева. Алматы: «Сардар», 2011, стр.

В сборник вошли названия улиц города Астаны. Сюда же включена краткая информация о жизни и творчества выдающихся личностей, географических названий, исторических события в честь которых названы улицы города. Книга предназначена для жителей и гостей столицы, а также широкому кругу читателей.

АҢДАТУ

Қазақ елінің тәуелсіздігін нығайтуда, мәдени-рухани келбетін қалыптастыруда, тарихи тамырларын жаңғыртуда Астананың маңызы да, миссиясы да алабөтен. Өйткені Астана – Қазақстанның дамуының ерекше белгісі, айрықша көрсеткіші. Еліміздің Астанасы арқылы бүкіл әлем, барша дүние «Қазақстан» деген мемлекетті, «қазақ» деген ұлтты танып біледі. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Астана қаласына айрықша мән беруінде осындай терең ой, үлкен мақсат, сарабал саясат жатыр.

Өзінің саяси дербестігін алған қандай да болмасын мемлекет даму барысында өзінің ұлттық келбетін қалыптастыруды негізгі бағыттардың бірі ретінде ұстанады. Тарихи қайнарларға бет бұру – сол мемлекетте өмір сүретін азаматтардың тарихи жадын, рухани болмысын, отансүйгіштік сезімін қалыптастыруға игі ықпал етеді. Еліміз тәуелсіздік алғалы бергі уақытта осынау маңызды мәселеге өз деңгейінде мән берілуде. Осы тұрғыдан келгенде, Астана қаласының ономастикалық ажары жылдан-жылға жаңарып, бағзы және бүгінгі заманғы Қазақстанның тарихи һәм заманауи келбетін танытуда.

Елордамыздың ономастикалық бет-бейнесін ұлттық мазмұнда қалыптастыруда, негізінен алғанда, мынадай мәселелерге айрықша көңіл бөлінген: тәуелсіздік мұраттарын бекемдеу, Қазақстан халқының тұтастығы мен бірлігі идеяларын айқындау мен насихаттау, тарихи сабақтастықты сақтау, Қазақстанның мәдениеті мен мемлекеттік тіліне деген құрметті қалыптастыру, қазақ халқының тарихи-рухани бастауларын ұлықтау, отансүйгіштікке баулу. Осындай өміршең идеяларды іске асыру барысында Астана мәртебесін алған уақыттан бері қаланың ономастикалық ажары адам танымастай өзгерді.

Еліміздің бас қаласы болғандықтан Астанада соған орай Қазақстанның тарихи, мәдени, географиялық дидарын беретіндей атаулар болуы тиіс. Осыны басты нысанаға ала отырып, ономастикалық комиссия көптеген көшелерге қазақ жерінің байырғы атауларын беруді дұрыс деп шешті. Мәселен, сан ғасырлық тарихымыздың қойнауында қалыптасқан Қазығұрт, Абат-Байтақ, Саққорған, Ұлытау, Қаратау, Балқантау, Зеренді, Аспара, Абыралы, Аманқарағай, Тарбағатай т.б. көптеген жер-су атаулары көше аттарын иемденді. Бұл атауларды таңдауда және бекітуде олардың тарихи маңызы және байырғы болмысы санатқа алынды. Сонымен бірге тарихымыздың әр кезеңінде қазақ мемлекетінің астанасы, орталығы болған қалалардың құрметіне елорданың жаңа әкімшілік орталығындағы жаңа көшелер Түркістан, Сауран, Сарайшық, Сығанақ, Орынбор, Ақмешіт, Алматы сияқты атауларға ие болды.

Қазақстанның бағзысы мен бүгінін тарихи жағынан да, рухани жағынан да сабақтастыруда Астананың орны ерекше екендігі баршамызға белгілі. Ономастикалық комиссия Астана көшелері мен даңғылдарын тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғалардың есімдері айшықтап тұруы табиғи заңдылық екендігін үнемі басты назарға алып келеді. Осыны ескеріп, танымал, білікті зиялы қауым өкілдерінен тұратын қалалық ономастика комиссиясы қала көшелеріне тарихи оқиғаларға қатысты атауларды және тарихи тұлғалардың есімдерін беруді ұйғарды. Атап айтқанда, Қозыбасы, Аңырақай, Арқайым, Тұран, Бұланты және Күлтегін, Асанқайғы, Қадырғали Жалайыри, Қабанбай батыр, Қарасай батыр, Ағыбай батыр, Ыбырай Алтынсарин, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Сүгір Әліұлы, Қашаған Күржіманұлы, Ықылас Дүкенұлы, т.с.с. Халқымыздың саяси тәуелсіздігі үшін күрескен, ұлтымыздың мәдени-рухани деңгейін көтеруге күш салған, мол шығармашылық мұра қалдырған Алаш қайраткерлерінің есімдері де Астана көшелеріне берілді. Олардың ішінде Алаш қозғалысының көсемдері Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Ғұмар Қараш, Міржақып Дулатов, Мұстафа Шоқай, Мұхамеджан Тынышбаев, Әлімхан Ермеков, Халел Досмұхамедұлы, Жаһанша Досмұхамедұлы, Уәлитхан Танашев, Сұлтанбек Қожанұлы т.б. тұлғалар бар. Халқымыздың сан ғасырлық тарихында батыр, өнерпаз, дана аналардың орны ерекше. Олардың есімдерін Астана көшелеріне беру бүгінгі ұрпақтың бойына имандылық, мейірім, адамгершілік сезімдерін ұялататыны сөзсіз. Осындай үлгілі, өнегелі мақсатты көздеп бірқатар көшелер Жұбан ана, Домалақ ана, Қарашаш ана, Айша бибі, Ұмай ана, Тұмар ханым, Дина, ақын Сара, Ұлбике ақын сияқты белгілі тұлғалардың есімдерін иеленді.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін айғақтау мен рухани-мәдени дамуын көрсету үшін Астана қаласының ономастикалық ахуалын жақсарту жұмыстары бұдан әрі де жалғасын таба бермек. Ұлттық болмысымызды танытарлық ономастикалық атауларды көшелерге, нысандарға беру үдерісіндегі Астананың ономастикалық мысалы тәуелсіздіктің жиырма жылдығын атап жатқан қазақ елінің барлық қалалары мен елдімекендеріне де үлгі болуы тиіс деп ойлаймыз.

***Оразкүл Асанғазы
Астана қаласы Тілдерді дамыту
басқармасының бастығы***

ДАҢҒЫЛДАР, ПРОСПЕКТЫ

АБАЙ ДАҢҒЫЛЫ

К.Күмісбеков көшесінен басталып, А.Пушкин көшесінде аяқталады. Ол Сарыарқа, Жеңіс, Республика даңғылдарын және Бейбітшілік, Ә.Бөкейхан, Ш.Уәлиханов көшелерін қиып өтеді. Ұзындығы – 5280 м.

Абай Құнанбайұлы (1845-1904) – қазақтың данышпан ақыны, ойшылы. Қазақтың мәдени-рухани байлығын бала кезінен бастап бойына сіңірген Абай қазақ әдебиетіне жаңа идеялық, көркемдік үлгілер әкелді.

Абайдың философиялық, көркемдік, әлеуметтік, гуманистік және діни көзқарастары терең көрінген еңбегі – оның қара сөздері. Ұлы ойшыл қара сөздерінде шығарманың ажарына ғана емес, оның тереңдігіне, логикалық мәніне назар аударған.

Абай мұрасы қазақ мәдениеті мен әдеби тілінің дамуына үлкен ықпал жасады. Оның шығармалары басқа тілдерге аударылу арқылы дүние жүзіне тарады. Абай өлеңдерінің ішінде мазмұны жағынан да, көркемдік бітімі жағынан да ерекшеленіп тұрған үздік туындылар мол. «Сегіз аяқ», «Қансонарда бүркітші шығады аңға», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Жаз», «Желсіз түнде жарық ай», «Болыс болдым мінеки», «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма», «Әуелде бір суық мұз ақыл зерек» секілді өлеңдерімен «Масфұт», «Ескендір», «Әзім әңгімесі» сияқты поэмалары қазақ жазба әдебиетінің жаңашыл шығармалары. Оның қара сөздері қазақ ұлттық философиясының айрықша белесі.

Абай – қазақ әдебиетінің ғана емес, жалпы қазақ тарихындағы ең ойшыл, ұлы тұлға.

Бұл даңғылда ҚР Мемлекеттік қызмет агенттігі, Астана қаласы әкімдігі, ақынның ескерткіші, «Наурыз» алаңы, Суретшілер одағы, «Рамада» қонақүйі, «Жаннұр» сауда үйі орналасқан.

ПРОСПЕКТ АБАЙ

Начинается с улицы К.Күмісбеков и протянулся до улицы А.Пушкина. Пересекается с проспектами Сарыарқа, Жеңіс, Республики и с улицами Бейбітшілік, Ә.Бөкейхан, М.Әуезов, Ш.Уәлиханов. Длина – 5280 м.

Абай Құнанбаев (1845-1904) – гениальный казахский поэт, мыслитель. Философские, художественные, социальные, гуманистические и религиозные мировоззрения Абая ярко отразились в его творении – «Слова–назидания». Великий мыслитель уделил большое внимание не только красоте звучания художественного слова, но и ее глубокому логическому смыслу. Наследие Абая оказало огромное влияние на развитие казахской культуры и литературного

языка. Его произведения были переведены на многие языки и стали достоянием мирового читателя.

В своем творчестве Абай создал произведения, отличающиеся внутренней содержательностью и высокой художественностью. Например: «Сегіз аяқ» (Восьмистишие), «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» (О, казахи мой бедный народ), «Жаз» (Лето), «Желсіз түнде жарық ай» (В безветренную ночь яркая луна), «Болыс болдым мінеки» (Вот и стал я волостным) и многие другие относятся к литературным сочинениям, которые внесли новые идеи в национальное словесное искусство. Его поэмы «Масғұт», «Ескендір», «Әзім әңгімесі» являются первыми поэмами письменной казахской литературы. А «Слова назидания» своего рода философские трактаты которые занимают особые места в казахской философии.

Абай – главная личность не только казахской литературы, но и всей национальной истории.

На этом проспекте расположены Агентство государственной службы РК, акимат города Астаны, памятник поэту, площадь «Наурыз», Союз художников, гостиница «Рамада», торговый дом «Жаннур».

АБЫЛАЙ ХАН ДАҢҒЫЛЫ

Кенесары көшесінен басталып, Қарағанды-Астана тасжолына дейін жалғасады. Ол М.Жұмабаев даңғылын, І.Жансүгірұлы, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин көшелерін қиып өтеді. Ұзындығы – 4928,1 м.

Абылай (Әбілмансұр) хан (1711-1781) – қазақтың даңқты ханы, қолбасшы. Атасының аруағын шақырып, жауға «Абылайлап» шапқан Әбілмансұрдың есімі содан бастап «Абылай» атанады. Осылайша Абылай хан қазақ халқының жадында қажырлы мемлекет қайраткері, батыл қолбасшы, майталман мәмілегер ретінде сақталып келеді. Оның есімі тәуелсіздіктің нышанына, жауынгерлік ұранға айналды. Абылай хан көреген саясаткер ретінде Ресей империясымен де, Қытаймен де тіл табысып қазақ жерінің тұтастығын сақтауға зор үлес қосты. Абылайдың мәмілегерлік саясаты оның Орта Азия, Ауғанстан мемлекеттерімен қарым-қатынастарынан да жақсы байқалады. Өмірінің соңғы 15 жылында ол ортаазиялық хандықтармен бірде соғысып, бірде мәмілеге келіп қазақ мемлекеттілігінің тұтастығын сақтай білді. Абылай хан қазақ мәдениеті мен өнерінің үлкен білгірі. Оның «Ақ толқын», «Бұлан жігіт», «Дүние қалды», «Жетім торы», «Қайран елім», «Қара жорға», «Қоржын қақпай», «Майда жел», «Садаққаққан», «Сары бура», «Шаңды жорық» атты күйлері бар. Азаттық күрестің жалынды басшысы Абылай ханның асқақ тұлғасы, ақыл-парасаты Бұқар, Үмбетей, Шәді

Жәңгірұлы, М.Жұмабаев жырларында, І.Есенберлиннің, Ә.Кекілбаевтың, т.б. ақын-жазушылардың шығармаларында сомдалды.

Бұл даңғылда «Мирас» мектебі, ҚР Ұлттық ұланы, Ұлттық ғылыми медицина орталығы, «Әділ», «Гүлжан» сауда үйлері орналасқан.

ПРОСПЕКТ АБЫЛАЙ ХАН

Начинается с улицы Кенесары и протянулся до трассы Қарағанды-Астана. Пересекается с улицами М.Жұмабаев, І.Жансүгірұлы, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин. Длина – 4928,1 м.

Абылай (Абилмансур) хан (1711-1781) – выдающийся казахский хан, великий полководец. В военных сражениях Абилмансур всегда выступал с боевым кличем «Абылай». С тех пор его нарекли именем Абылай. Абылай – последние 15 лет жизни вел постоянную борьбу против среднеазиатских ханств. Свою политику в соответствии с геополитическим положением Казахского государства, находящегося между империями – Россией и Китаем. В целях объединения мусульманских стран Абылай начал переговоры с правителем Афганистана Ахмат-шахом Дуррани. Абылай известен также как талантливый күйши, который хорошо знал и любил фольклор казахского народа. Он сочинил кюи: «Ақ толқын», «Бұлан жігіт», «Дүние қалды», «Жетім торы», «Қайран елім», «Қара жорға», «Қоржын қақпай», «Майда жел», «Садаққақан», «Сары бура», «Шаңды жорық» и др. Абылай провел жизнь в походах, скончался на берегу реки Арыс. Похоронен в мавзолее-мечети Ходжа Ахмета Яссауи. В памяти казахского народа Абылай хан остается великим государственным деятелем, смелым полководцем, видным дипломатом в решении международных вопросов. Образ Абылай хана как главного руководителя освободительной борьбы, мудрого дальновидного политика ярко изображен в сказаниях Бухар жырау, Умбетей жырау, Ш.Жангирулы жырау и в проиведениях И.Есенберлина. А.Кекильбаева, К.Жумадилова.

На этом проспекте расположены школа «Мирас», Национальная гвардия, Национальный научный медицинский центр.

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ ДАҢҒЫЛЫ

Бұрынғы атауы – 13-магистраль. Сарайшық көшесінен басталып, Абылай хан даңғылында аяқталады. Тәуелсіздік, М.Жұмабаев даңғылдарын және Қызыларай, Сырымбет, Қордай, М.Төлебаев көшелерін қиып өтеді. Ұзындығы – 3958,7 м.

Бауыржан Момышұлы (1910-1982) – әскери қайраткер, ержүрек қолбасшы, жазушы, Кеңес Одағының Батыры, Қазақстанның «Халық

қаһарманы». Ол 1932 жылы әскерге алынып, мергендік өнерді игереді. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталысымен генерал-майор И.Панфиловтың басшылығымен Алматыда жасақталған 316-атқыштар дивизиясы құрамында майданға аттанады. Батальон, полк командирі болған Б.Момышұлы соғыстың соңғы жылдарында гвардиялық дивизияны басқарады. 1956 жылы демалысқа шығып, шығармашылық қызметпен айналысады. Б.Момышұлы шығармаларын қазақ, орыс тілінде жазып, қазақ әдебиетіндегі әскери проза жанрының негізін қалады. Жазушы шығармаларының басты тақырыбы Ұлы Отан соғысы кезіндегі жауынгерлердің тұлғасын жан-жақты суреттеп сомдау болды. Осы шығармашылық мақсаттың айғағы ретінде жазушы қаламынан туған «Офицер жазбалары», «Артымызда Москва», «Ұшқан ұя», «Қанмен жазылған кітап» т.б. туындыларын айтуға болады. «Ұшқан ұя» кітабы үшін жазушы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атанды.

Бұл даңғылда батырдың ескерткіші, «Жерұйық» демалыс паркі, «Тұран» мейрамхана кешені, «Меруерт», «Прага» бизнес орталықтары орналасқан.

ПРОСПЕКТ БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ

Прежнее название – 13-магистраль. Начинается с улицы Сарайшық, пересекается с улицами Манас, Қызыларай, Сырымбет, Қордай, М.Төлебаев, проспектом М.Жұмабаев, заканчивается на проспекте Абылай хан. Длина – 3958,7 м.

Бауыржан Момышулы (1910-1982) – смелый полководец, писатель, Герой Советского Союза, «Народный герой» Республики Казахстан. Б.Момышулы в 1932 году служил в рядах Вооруженных сил, там он обучился стрелковому мастерству. В 1941 году с началом Великой Отечественной войны отправился на фронт в составе 316 стрелковой дивизии, образованной в Алматы под руководством генерал-майора И.Панфилова. Был командиром батальона, полка, в конце войны возглавлял гвардейскую дивизию. В 1956 году вышел на заслуженный отдых и до конца своей жизни занимался творческой деятельностью. Б.Момышулы писал свои произведения на казахском и русском языках, стал основателем жанра военной прозы в казахской литературе. Основная тематика произведений писателя – разностороннее изображение и описание образов воинов-героев Великой Отечественной войны. Под этим творческим началом написал произведения: «Офицер жазбалары» (Записки Офицера), «Артымызда Москва» (За нами Москва), «Қанмен жазылған кітап» (Книга, написанная кровью) и другие. За книгу «Ұшқан ұя» (Дом, где я рос) Бауыржан Момышулы стал лауреатом Государственной премии Республики Казахстан.

На этом проспекте расположены памятник герою, парк отдыха «Жерұйық», ресторанный комплекс «Тұран», бизнес центр «Меруерт», «Прага».

БӨГЕНБАЙ БАТЫР ДАҢҒЫЛЫ

Н.Тілендиев даңғылынан басталып, Сарыарқа, Жеңіс, Республика даңғылдарын және Желтоқсан, Бейбітшілік, М.Әуезов, Ш.Уәлиханов көшелерін қиып өтеді. Ұзындығы – 3611,7 м.

Бөгенбай батыр (1680-1775) – қазақ халқының тәуелсіздігі жолындағы күрескер, XVII ғасырда жоңғар басқыншыларына қарсы соғыста қол бастаған даңқты батыр, көрнекті мемлекет қайраткері. «Қазақтың қамал-қорғаны» баһадүр Бөгенбай Абылай хан бастаған қазақ халқының ұлт бірлігі жолындағы азаматтық күресінің ұйытқысы болды.

1710 жылы Қарақұмда өткен құрылтайда Бөгенбай батыр үш жүздің бас сардары болып сайланды. 1726 жылы Бөгенбай бастаған қазақ қолы Бұлтанты өзенінің бойында қалмақтарға қарсы күйрете соққы береді. Бөгенбай батырдың ерлігін Қожаберген жырау «Елім-ай» атты тарихи дастанында жырлап, батырдың ерлігіне «Ер Бөгенбай» атты қиссасын арнаған. Бұқар, Үмбетей, Жанкісі, Сегіз сері Бөгенбай туралы дастандар шығарған.

Бұл даңғылда батырдың ескерткіші, «НұрБанк» ғимараты, М.Әуезов атындағы балалар кітапханасы, «Шапағат», «Әлем» сауда орталықтары орналасқан.

ПРОСПЕКТ БӨГЕНБАЙ БАТЫР

Начинается с проспекта Н.Тілендиев и пересекается с улицами Желтоқсан, Бейбітшілік, М.Әуезов, С.Торайғыров, Ш.Айманов, Ж.Аймауытов, Ш.Уәлиханов. Длина – 3611,7 м.

Богенбай батыр (1680-1775) – государственный деятель, известный полководец, герой борьбы за народную независимость. Знаменитый батыр XVIII века был военачальником в сражениях против джунгарского нашествия. Все его подвиги в защиту родной земли были совершены во имя национального единства казахского народа, начатое Абылай ханом.

В 1710 году на курултае, в Каракуме, Богенбай батыр был избран главным полководцем всех трех жузов. В 1726 году на берегу реки Буланты казахские войска под командованием Богенбай батыра дали сокрушительное сражение против джунгарского войска. Героизм Богенбай батыра воспет Кожаберген жырау в историческом дастане «Елім-ай» (О, мой народ), кроме того жырау посвятил ему свою хиссу

«Ер Бөгенбай». Бухар жырау, Умбетей жырау, Жанкиси, Сегиз сери также посвятили свои дастаны Богенбай батыру, отдавая дань уважения его делу в борьбе за объединение казахов.

На этом проспекте расположены памятник батыра, «НұрБанк», детская библиотека имени М.Әуезов, торговые центры «Шапағат», «Әлем».

ЖЕҢІС ДАҢҒЫЛЫ

Бұрынғы атауы – Победа даңғылы. Т.Рысқұлов көшесінен басталып, І.Есенберлин көшесінде аяқталады. Абай, Бөгенбай батыр даңғылдарын және Кенесары, С.Сейфуллин көшелерін қиып өтеді. Ұзындығы – 3304,4 м.

Жеңіс – қырғын соғыста жауды жеңіп, тізе бүктіріп, толық жеңіске ие болушылық. Кеңес Одағы 1945 жылы Германия мен оның одақтастарының басқыншылығына қарсы шығып, жеңіске жетті. Германияның негізгі мақсаты – Барбаросс жоспары бойынша КСРО-ны жою еді. Мамырдың 8-інен 9-ына қараған түні герман жоғары командованиясінің өкілдері Германияның сөзсіз тізе бүккені туралы актіге қол қойды. Рейхстагқа бірінші болып лейтенант Р.Қошқарбаев пен қатардағы жауынгер Г.Булатов ту тікті. 9-мамыр Жеңіс күні болып жарияланды. Екінші дүниежүзілік соғыстағы ұлы жеңіс – бүкіл дүниежүзін фашизм езгісінен сақтап қалуымен адамзат үшін маңызды.

Бұл даңғылда ҚР Қаржы министрлігі, Қазақ ұлттық өнер университеті, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті орналасқан.

ПРОСПЕКТ ЖЕҢІС

Прежнее название – проспект Победы. Начинается с улицы Т.Рысқұлов, пересекается с улицами Кенесары, С.Сейфуллин и проспектами Абай, Бөгенбай батыр, заканчивается на улице І.Есенберлин. Длина – 3304,4 м.

Жеңіс – победа, эта улица названа в честь победы в Великой Отечественной войне. В 1945 году Советский Союз в войне против фашизма одержал великую победу над Германией и ее союзницами. По плану Барбаросса основной целью Германии было ликвидация СССР. В ночь с 8 на 9 мая представители Верховного командования Германии подписали акт о своей капитуляции. Над Рейхстагом первыми подняли знамя победы лейтенант Р.Қошқарбаев и рядовой Г.Булатов. 9 мая объявлен днем Победы. Великая победа во Второй мировой войне – спас все человечества от ига фашизма.

На этом проспекте расположены Министерство финансов РК, Казахская национальная университет искусства, Агротехнический университет имени С.Сейфуллина.

ҚАБАНБАЙ БАТЫР ДАҢҒЫЛЫ

Қараөткел көпірінен басталып, Сарайшық, Д.Қонаев, Достық, Керей, Жәнібек хандар, Алматы, Т.Рысқұлов көшелерін қиып өтіп, әуежайдың айналма жолында аяқталады. Ұзындығы – 16090 м.

Қабанбай батыр (1692-1770) – қазақ қолын бастаған ержүрек қолбасшы, даңқты батыр. Азан шақырып қойылған есімі – Ізбасар. Жылқыға шапқан жабайы қабандарды жайратып, «Қабан батыр» атанған. Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресінде ерекше ерлік көрсетіп, талантты қолбасшы ретінде аты шыққан. 1730 жылы Аңырақай-Алакөл шайқасына, кейін, Шыңғыстау, Ертіс бойындағы шайқастарға қатысып, Абылай ханның бас батырларының біріне айналады. Шыңғыстаудағы Шаған шайқасында ақбоз атпен топ жарып, жауға шапқаны үшін «Дарабоз» атанады. Жазушы Қ.Жұмаділовтің Қабанбай батыр туралы «Дарабоз» атты тарихи романы бар.

Бұл даңғылда Ұлттық ғылыми медициналық орталықтың кардиохирургиялық клиникасы, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы, Қазақстан-Ресей университеті, «Астаналық цирк», «Салтанат сарайы», «Астана-Арена» стадионы, Велотрек орналасқан.

ПРОСПЕКТ ҚАБАНБАЙ БАТЫР

Начинается с моста Қараөткел, пересекается с улицами Сарайшық, Д.Қонаев, Достық, Керей, Жәнібек хандар, Алматы, Тұрар Рысқұлов, заканчивается на круговой дороге аэропорта. Длина–16090 м.

Қабанбай батыр (1692-1770) – известный военачальник казахских войск. Настоящее имя – Ізбасар. Новое имя он получил еще в юности, когда защищая табуны от нападения диких кабанов, проявил бесстрашие и храбрость. В борьбе казахского народа против джунгарского нашествия отличился героическими подвигами и проявил себя как талантливый полководец. В 1730 году принимал участие в сражении на Анырақай-Алаколе, позже в битвах на подножьях Шыңғыстау и на берегах Иртыша. Стал одним из главных батыров Абылай хана. Писатель К.Жумадилов о Кабанбай батыре написал роман «Дарабоз». Дарабоз – это еще одно имя Кабанбай батыра, получил он его благодаря своему боевому коню белой масти. (дара боз – единственный белый).

На этом проспекте расположены Кардиологическая клиника, национальная компания «ҚазМұнайГаз, Казахско-Российский университет, «Астаналық цирк», «Салтанат сарайы», стадион «Астана-Арена», Велотрек.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ДАҒҒЫЛЫ

Абылай хан даңғылынан басталып, Б.Момышұлы, Р.Қошқарбаев даңғылдарын, Қажымұқан, М.Төлебаев көшелерін қиып өтеді. Ұзындығы – 3197м.

Мағжан Жұмабаев (1893-1938) – Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілі. Медреседе оқып, Шығыс халықтарының тарихын, Фирдоуси, Сағди, Хафиз, Низами секілді шығыс ақындарының дастандарын оқып үйренеді. 1912 жылы Қазанда ақынның «Шолпан» атты тұңғыш өлеңдер жинағы басылып шығады. Ақын Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынов, М.Дулатов секілді Алаш қайраткерлерімен бірге «Қазақ» газетіне өз өлеңдерін жариялап отырады.

М.Жұмабаев тұңғыш өлеңінен бастап әлеуметтік тақырыпқа ден қойып, ағартушылық, ұлт-азаттық, демократияшыл бағытты ұстанды. Ол Абай поэзиясының өшпес маңызын бірден танып, оны «хакім» деп атады. М.Жұмабаев «Қазағым», «Мен жастарға сенемін», «Қазақ тілі», «Түркістан» т.б. өлеңдердің және «Батыр Баян», «Қойлыбайдың қобызы» атты поэмалардың авторы.

Бұл даңғылда Еуразия гуманитарлық институты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Студенттер үйі» орналасқан.

ПРОСПЕКТ МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ

Начинается с проспекта Абылай хан, пересекается с проспектами Б.Момышұлы, Р.Қошқарбаев, улицами Қажымұқан, М.Төлебаев. Длина – 3197 м.

Мағжан Жұмабаев (1893-1938) – деятель движения «Алаш», поэт, видный представитель казахской литературы. Учился в медресе, хорошо знал историю народов Востока и произведения восточных поэтов – Фирдоуси, Сағди, Хафиз, Низами. В 1912 году в Казани был опубликован его первый сборник стихов «Шолпан». Имел хорошие взаимоотношения с деятелями движения «Алаш» – А.Бокейханом, А.Байтұрсыновым, М.Дулатовым. Публиковал свои стихи в газете «Казах». Поэт писал на социальную тематику, раскрывал в них просветительские, национально-освободительные и демократические идеи. Он высоко ценил значение бессмертной поэзии Абая, потому назвал его «хаким» (мудрец). К наиболее популярным произведениям

М.Жумабаева относятся стихи «Қазағым» (Мои казахи), «Мен жастарға сенемін» (Я верю молодежи), «Қазақ тілі» (Казахский язык), «Туркестан» и др., поэмы «Батыр Баян», «Кобыз Койлыбая».

На этом проспекте расположены Евразийский гуманитарный институт, «Дом студентов» Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева.

НҰРҒИСА ТІЛЕНДИЕВ ДАҢҒЫЛЫ

Бұрынғы атауы – Астрахан тас жолы. Баршын, Ұлытау, Д.Бабатайұлы, Атбасар, Ш.Бейсекова көшелерін қиып өтіп, Бөгенбай батыр даңғылында аяқталады. Ұзындығы – 15926,6 м.

Нұрғиса Атабайұлы Тілендиев (1925-1998) – аса көрнекті композитор, белгілі дирижер, домбырашы. ҚазКСР-нің және КСРО-ның халық әртісі, ҚазАССР-і Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның «Халық қаһарманы». 1949-50 жылдары Алматы мемлекеттік консерваториясында, ал 1950-52 жылдары Мәскеу мемлекеттік консерваториясының дирижерлік факультетінде оқыған. 1952-61 жылдары Қазақтың мемлекеттік академиялық опера және балет театрының дирижері, 1960-64 жылдары Қазақтың мемлекеттік академиялық халық аспаптары оркестерінің бас дирижері болып қызмет атқарған. «Отырар сазы» фольклорлық этнографиялық ансамблінің көркемдік жағын басқарған. «Ата толғауы», «Махамбет», «Ақсақ құлан», «Аққу» атты увертюралардың, 400-ден астам ән мен романстардың авторы. Ол 50-ден астам драмалық спектакльдерге, 19 көркем фильмге музыка жазған.

Бұл даңғылда «Қамқор» техникалық қызмет көрсету орталығы, «Эталон» құрылыс базары, Қажымұқан атындағы спорт мектебі, Сарыарқа ауданының Халыққа қызмет көрсету орталығы орналасқан.

ПРОСПЕКТ НҰРҒИСА ТІЛЕНДИЕВ

Пересекается с улицами Баршын, Ұлытау, Д.Бабатайұлы, Атбасар, Ш.Бейсекова, заканчивается на проспекте Бөгенбай батыр. Длина – 15926,6 м.

Нургиса Атабайұлы Тлендиев (1925-1998) – великий композитор, известный дирижер, домбрист. Народный артист КазССР и СССР, лауреат Государственной премии КазССР, «Народный герой» Республики Казахстан. В 1949-1950 годах учился в Алматинской государственной консерватории, в 1950-1952 годах на дирижерском факультете Московской государственной консерватории. В 1952-1961 годах был дирижером Казахского государственного академического театра оперы и балета, в 1960-1964 годах стал главным дирижером Казахского государственного академического оркестра народных

инструментов. Был художественным руководителем фольклорного этнографического ансамбля «Отырар сазы». Автор увертюры «Махамбет», «Ақсақ құлан» (Хромой кулан), «Аққу» (Лебедь), более 400 песен и романсов. Написал музыку к более 50 драматическим спектаклям и 19 художественным фильмам.

На этом проспекте расположены Центр технического обслуживания «Қамқор», строительный рынок «Эталон», спортивная школа имени Кажымукана, Центр обслуживания населения Сарыаркинского района.

РАХЫМЖАН ҚОШҚАРБАЕВ ДАҢҒЫЛЫ

Бұрынғы атауы – № 23-22 даңғыл. Бауыржан Момышұлы даңғылынан басталып, Оңтүстік-Шығыс (оң жағы) тұрғын алабындағы Қобыланды батыр көшесінде аяқталады. Абылай хан даңғылы, М.Төлебаев көшесімен қиылысады. Ұзындығы – 7213,4 м.

Рахымжан Қошқарбаев (1924-1988) – Берлиндегі Рейхстагқа жеңіс туын тіккен қазақ азаматы, «Халық қаһарманы». 1942 жылы әскерге алынып, 1944 жылы Фрунзедегі жаяу әскер училищесін бітіріп, 1-Беларус майданындағы 150-Идрицк атқыштар дивизиясы құрамында взвод басқарып, Польша және Германия жерлерін азат етуге қатысқан. Қызыл Ту, I дәрежелі Ұлы Отан соғысы ордендері, көптеген медальдармен марапатталған.

Бұл даңғылда АҚШ елшілігі, «Нұр-Орда» қазақ-түрік лицейі орналасқан.

ПРОСПЕКТ РАХЫМЖАН ҚОШҚАРБАЕВ

Прежнее название – проспект № 23-22. Начинается с проспекта Бауыржан Момышұлы и заканчивается на улице Қабанбай батыр. Пересекается с проспектом Абылай хан, улицей М.Төлебаев. Длина – 7213,4 м.

Рахымжан Кошкарбаев (1924-1988) – советский солдат, установивший флаг победы на Берлинском Рейхстаге, «Народный герой» Казахстана. В 1942 году отправился в армию, в 1944 году во Фрунзе закончил военно-пехотинское училище. В I Белорусском фронте возглавлял взвод в составе 150-Идрицкой стрелковой дивизии, участвовал в освобождении Польши и Германии. Награжден орденами Красного Знамени, Великой Отечественной войны I степени, многочисленными медалями.

На этом проспекте расположены посольство США, казахско-турецкий лицей «Нур-Орда».

РЕСПУБЛИКА ДАҢҒЫЛЫ

Ж.Тәшенов көшесінен басталып, И.Гёте көшесінде аяқталады. Абай, Бөгенбай батыр даңғылдарын және Жәнібек тархан, А.Иманов, Кенесары, Отырар, С.Сейфуллин, Ә.Жангелдин, Ы.Дүкенұлы, Ә.Молдағұлова көшелерін қиып өтеді. Ұзындығы – 4159 м.

Даңғыл мемлекет, ел ұғымдарын білдіретін «республика» ұғымымен байланысты қойылған. Қазақстан Республикасы – Еуразия құрлығында орналасқан мемлекет. Астанасы – Астана қаласы. Әкімшілік жағынан 14 облыстан және республикалық маңызы бар 2 қаладан тұрады. Ұлттық валютасы – теңге.

Бұл даңғылда Қазіргі заманғы өнер мұражайы, ҚР Президенттік мәдениет орталығы, «Халық Банк», «Абай» қонақүйі, «Жастар» сарайы, Халыққа қызмет көрсету орталығы орналасқан.

ПРОСПЕКТ РЕСПУБЛИКА

Начинается с улицы Ж.Тәшенов, пересекается с улицами Жәнібек тархан, А.Иманов, Кенесары, Отырар, С.Сейфуллин, Ә.Жангелдин, Ы.Дүкенұлы, Ә.Молдағұлова и проспектами Абай, Бөгенбай батыр. Длина – 4159 м.

Проспект назван в честь республики, которая выражает такие понятия как «страна», «государство». Республика Казахстан расположена в Евразийском континенте. Столица – город Астана. По административной структуре состоит из 14 областей и 2 городов республиканского значения. Национальная валюта – тенге.

На этом проспекте расположены Музей современного искусства, Президентский культурный центр РК «Народный Банк», гостиница «Абай», дворец «Жастар».

САРЫАРҚА ДАҢҒЫЛЫ

Шығанақ көшесінен басталып, Бестерек көшесінде аяқталады. Абай, Бөгенбай батыр даңғылдарын және Кенесары, Т.Бигелдинов, С.Сейфуллин, Ә.Жангелдин көшелерін қиып өтеді. Ұзындығы – 3191,5 м.

Сарыарқа – Қазақстанның орталық және шығыс бөлігін алып жатқан ұлан-ғайыр өлке. Батыс бөлігі Торғай ойпаттарынан басталып, шығыс бөлігі Тарбағатай тауына дейін 1200 шақырымға созылып жатыр. Бұл сөздің мағынасы едәуір ұлғайып, қазір «қазақ даласы», «атамекен» деген ұғымдармен қатар қолданылады. Сарыарқа – қазақтың байырғы мекені. Бұл өңірде көптеген тарихи оқиғалар болған.

Бұл даңғылда «Хабар» телекомпаниясы, «Астана» спорт кешені, Қазақ Мемлекеттік медицина академиясы орналасқан.

ПРОСПЕКТ САРЫАРҚА

Начинается с улицы Шығанақ, заканчивается на улице Бестерек. Пересекается с проспектами Абай, Бөгенбай батыр, улицами Кенесары, Т.Бигелдинов, С.Сейфуллин, Ә.Жангелдин, Жамбыл. Длина – 3191,5 м.

Сарыарка – огромный край в центральной и восточной части Казахстана. Западная часть начинается с Торгайской низменности, восточная часть на 1200 километров протянулась до Тарбагатайских гор. Сейчас смысл слова «Сарыарка» применяется в значении «казахская степь», «родина». Сарыарка – древняя казахская земля. Здесь произошли многие исторические события связаны с судьбой нашего народа.

На этом проспекте расположены телекомпания «Хабар», спортивный комплекс «Астана», Казахская государственная медицинская академия.

ТӘУЕЛСІЗДІК ДАҢҒЫЛЫ

Бұрынғы атауы – Манас даңғылы. Ж.Тәшенов көшесінен басталып, Қажымұқан, Б.Майлин көшелерін, Б.Момышұлы даңғылын қиып өтеді. Ұзындығы – 1095,8 м.

Даңғылдың атауы Қазақстанның тәуелсіздігі құрметіне қойылған.

Тәуелсіздік – мемлекеттің өз саясатын өз еркімен жүргізуге қабілеттілігі. Тәуелсіздіктің нышандары ретінде мемлекеттің әлемдік қауымдастық мойындаған аумағының болуын, сол аумақты басқаратын мемлекет билігінің болуын, елдікті нақыштаған әнұранының, туының және елтаңбаның болуын атауға болады.

Бұл даңғылда Тәуелсіздік алаңы, Тәуелсіздік сарайы, «Қазақ елі» монументі, ҚР Ішкі істер министрлігі, «Толқын» спорт кешені, «Отан Ана» монументі орналасқан.

ПРОСПЕКТ ТӘУЕЛСІЗДІК

Прежнее название – проспект Манас. Начинается с улицы Ж.Тәшенов, пересекается с проспектом Б.Момышұлы, улицами Қажымұқан, Б.Майлин. Длина – 1095,8 м.

Проспект назван в честь независимости Казахстана.

Тауелсиздик (независимость) – свободное ведение государственных и прочих дел страны. Символами независимого государства являются: территория, признанная мировым сообществом, государственная власть, управляемая на этой территории, символы государства – флаг, герб, гимн.

На этом проспекте расположены площадь Тәуелсіздік, дворец Тәуелсіздік, монумент Тәуелсіздік, Министерство внутренних дел РК, спортивный комплекс «Толкын», монумент «Отан Ана».

ТҰРАН ДАҢҒЫЛЫ

Бұрынғы атауы – Сарыарқа даңғылы. Достық көшесінен басталып, Сарыарқа даңғылында аяқталады. Тәуелсіздік, Ақбаян, Қорғалжын тасжолын қиып өтеді. Ұзындығы – 10161,0 м.

Тұран – Түркістан өлкесінің көне атауы. Қазіргі түсінік бойынша Сырдария мен Әмударияның аралығы. Тұранда түркі халықтарының арғы тегінен сыр шертетін «Алып Ер Тұңға» атты дастан дүниеге келген. VI ғасырдан бастап «Тұран» сөзі түріктер мекендейтін жер, елдің атауы ретінде қолданыла бастаған. «Тұран» сөзі қазіргі кезде түркі халықтарының бірлігі, ынтымағы ретінде кеңінен қолданылады. Мағжан Жұмабаевтың түркі халықтарының бірлігін бейнелейтін «Тұранның бір бауында» атты шығармасы бар.

Бұл даңғылда «Хан шатыр» ойын-сауық орталығы, «Бақыт» неке сарайы, «Думан» қонақ үйі, «Мега», «Сарыарқа» демалыс және сауда орталықтары, «Ана мен бала» медициналық орталығы, «Каспий» спорт-сауықтыру кешені орналасқан.

ПРОСПЕКТ ТҰРАН

Прежнее название – проспект Сарыарқа. Начинается с улицы Достық, пересекается с улицами Тәуелсіздік, Ақбаян, трассой Қорғалжын, заканчивается на проспекте Сарыарқа. Длина – 10161,0 м.

Туран – древнее название Туркестанского края. В современном понимании территория Турана это географический регион между Сырдарьей и Амударьей. В Туране проживали древние тюркские народы. Здесь же появилась поэма «Алып Ер Тұңға». С VI века слово «Туран» использовалось как название страны, места проживания тюрков. Слово «Тұран» в современном мире понимается как единство и сплоченность тюркских народов. Великий казахский поэт Мағжан Жұмабаев в своем произведении «Тұранның бір бауында» («В Туранском саду») глубоко изобразил братство и единство тюркоязычных народов.

На этом проспекте расположены развлекательный центр «Хан шатыр», дворец бракосочетания «Бақыт», торгово-развлекательные центры «Мега», «Сарыарқа», медицинский центр «Ана мен бала», спортивно-оздоровительный комплекс «Каспий».

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ ДАҢҒЫЛЫ

Бұрынғы атауы – Абай даңғылы. А.Пушкин көшесінен басталып, Р.Қошқарбаев даңғылында аяқталады. І.Жансүгірұлы, Қ.Рысқұлбеков, Ғ.Мүсірепов көшелерін қиып өтеді. Ұзындығы – 2602 м.

Шәкәрім Құдайбердіұлы (1858-1931) – ұлы ақын, ойшыл, композитор, аудармашы. Әкесінен жастай жетім қалып, немере ағасы Абайдың қолында тәрбиеленді. Бұл жағдай Шәкәрімнің дүниеге көзқарасының қалыптасуына, ақындық шеберлігінің шыңдалуына зор әсер етті. Ол жастайынан орыс, араб, парсы, түрік, тілдерін жетік меңгеріп, Батыс, Шығыс әдебиеттерін терең білді. Абайдың жаңашылдық дәстүрін дамытып, Абайдан кейінгі екінші реалист ақын атанды. Шәкәрім – қазақ поэзиясында оның философиялық саласын дамытқан ақын. Ш.Құдайбердіұлы «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек» дастандары мен «Айсұлу-Нартай» поэмасын жазды. Сонымен қатар «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі», «Мұсылмандық шарты» атты еңбектерін жарыққа шығарды.

Бұл даңғылда «Жаңаарқа» кинотеатры, № 7 емхана, № 52 орта мектеп орналасқан.

ПРОСПЕКТ ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ

Прежнее название – проспект Абай. Начинается с улицы А.Пушкина, пересекается с улицами І.Жансүгірұлы, Қ.Рысқұлбеков, Ғ.Мүсірепов, заканчивается на проспекте Р.Қошқарбаев. Длина – 2602 м.

Шакарим Кудайбердиулы (1858-1931) – великий поэт, мыслитель, композитор, переводчик. В детстве остался и воспитывался у двоюродного брата Абая. Воспитание Абая сильно повлияло на формирование мировоззрений Шакарима, на его поэтическое творчество. С раннего возраста он в совершенстве владел русским, арабским, персидским, турецким языками, изучил Европейскую и Восточную литературы. В казахской поэзии Шакарим развил новаторские традиции и философские мировоззрения Абая, потому был назван вторым поэтом-реалистом после Абая. Ш.Кудайбердиулы написал дастаны «Қалқаман-Мамыр», «Енлик-Кебек» и поэму «Айсұлу-Нартай», также написал «Родословную турков, киргизов, казахов и ханов».

На этом проспекте расположены кинотеатр «Жанаарқа», поликлиника № 7, средняя школа № 52.

КӨШЕЛЕР, УЛИЦЫ

АБАЙДЫҢ 150 ЖЫЛДЫҒЫ КӨШЕСІ

Шұғыла көшесінен басталып, Н.Тілендиев даңғылымен қиылысады. Ұзындығы – 1257,4 м.

1995 жылы қазақтың ұлы ақыны, кемеңгер ойшылы Абай Құнанбайұлының 150 жылдығы тойланды. Бұл той ЮНЕСКО көлемінде аталып өтілді.

УЛИЦА АБАЙДЫҢ 150 ЖЫЛДЫҒЫ

Начинается с улицы Шұғыла, пересекается с проспектом Н.Тілендиев. Длина – 1257,4 м.

В 1995 году по решению ЮНЕСКО было отмечено 150-летие со дня рождения великого казахского поэта, мыслителя Абая Кунанбаева.

АБАТ-БАЙТАҚ КӨШЕСІ

Бұрынғы атауы – Проектный көшесі. Мұзтау көшесінен басталып, А.Байтұрсынұлы көшесінде аяқталады. Ұзындығы – 657,3 м.

Абат-Байтақ – XIV ғасырдың соңы мен XV ғасырдың бас кезінде салынған сәулет өнері ескерткіші. Ақтөбе облысы, Қобда ауданы Талдысай кенті маңында орналасқан. Абат-Байтақ кесенесі орналасқан қорым мемлекеттің қорғауына алынған.

УЛИЦА АБАТ-БАЙТАҚ

Прежнее название – улица Проектная. Начинается с улицы Мұзтау, заканчивается на улице А.Байтұрсынұлы. Длина – 657,3 м.

Абат-Байтақ – архитектурный памятник конца XIV начала XV веков. Расположен в окрестностях поселка Талдысай Кобдинского района Актюбинской области. Место, где расположен мавзолей Абат-Байтақ, находится под защитой государства.

АҒАДЫР КӨШЕСІ

Бұрынғы атауы – Тульский көшесі. Сарықұм көшесінен басталады. Ұзындығы – 1286,1 м.

«Ағадыр» – дөңесті және белесті жер деген мағынаны білдіреді. Ағадыр атауы Қарағанды облысы, Шет ауданындағы кент, теміржол стансасына берілген.

УЛИЦА АҒАДЫР

Прежнее название – улица Тульская. Начинается с улицы Сарықұм. Длина – 1286,1 м.

«Ағадыр» – означает возвышенное место. Также это название поселка в Шетском районе Карагандинской области.

АҒАНАС КӨШЕСІ

Бұрынғы атауы – № 26 көше. Доспамбет жырау көшесінен басталып, Байғозы батыр көшесінде аяқталады. Ұзындығы–361,4 м.

Ағанас – Ақмола облысы, Целиноград ауданындағы ауыл.

УЛИЦА АҒАНАС

Прежнее название – улица № 26. Начинается с улицы Доспамбет жырау и заканчивается на улице Байғозы батыр. Длина – 361,4 м.

Ағанас – населенный пункт в Акмолинской области.

АҒЫБАЙ БАТЫР КӨШЕСІ

Бұрынғы атауы – Интернациональный көшесі. Ө.Бөкейхан көшесінен басталып, Асан қайғы көшесінде аяқталады. Ұзындығы – 1380,6 м.

Ағыбай батыр (1802-1885) – Ресей отаршылығына қарсы ұйымдастырылған Кенесары Қасымовтың көтеріліс басшыларының бірі, қолбасшы. Жорықта жолы болғыштығы үшін «Ақжолтай батыр» атанған. Сарбаздары Ағыбай батырдың есімін ұранға айналдырған. 13 жасынан қолына қару алып, 1824 жылы Қарқаралы аймағында Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы көтеріліске белсене араласқан.

УЛИЦА АҒЫБАЙ БАТЫР

Прежнее название – улица Интернациональная. Начинается с улицы Ө.Бөкейхан, заканчивается на улице Асан қайғы. Длина – 1380,6 м.

Ағыбай батыр (1802-1885) – один из военачальников восстания против Российской колонизации под предводительством Кенесары Касимова. За удачные военные походы, его назвали «Ақжолтай батыр» (ақ – белый, светлый, жол – дорога, путь, тай – ласкательное обращение). Он в 13 лет хорошо владел оружием, в 1824 году принял активное участие в Каркаралинском восстании против колониальной политики Российской империи. Для воинов имя Ағыбай батыра стало боевым кличем.

АДОЛЬФ ЯНУШКЕВИЧ КӨШЕСІ

Бұрынғы атауы К.Циолковский көшесі. Жәнібек тархан көшесінен басталып, Абай даңғылында аяқталады. А.Иманов, Кенесары көшелерін қиып өтеді. Ұзындығы – 914,4 м.

Адольф Янушкевич (1803-1857) – поляк халқының көрнекті төңкерісшіл-демократы, көсемсөзші. 1845-1846 жылы экспедиция құрамында Ұлы жүз, Орта жүз қазақтарын аралады. Янушкевичтің онда көргендері, алған әсерлері туралы хаттары мен естеліктері «Қазақ даласына саяхаттан күнделік және хаттар» атты кітабында баяндалған.

Бұл көшеде Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қоғамдық ғылымдар факультеті, ҚР Материалдық ресурстар агенттігі орналасқан.

УЛИЦА АДОЛЬФА ЯНУШКЕВИЧА

Прежнее название улица К.Циолковского. Начинается с улицы Жәнібек тархан, пересекается с улицами А.Иманов, Кенесары, заканчивается на проспекте Абай. Длина – 914,4 м.

Адольф Янушкевич (1803-1857) – видный польский демократ-революционер, публицист. В 1845-1946 годах в составе научной экспедиции объездил народы Старшего и Среднего жузов. О впечатлениях, полученные от этой поездки, написал в письмах и воспоминаниях, которые были напечатаны в книге «Дневник и письма о путешествии в казахскую степь».

На этой улице расположены факультет общественных наук Евразийского национального университета Л.Н. Гумилева, Агентство по материальным ресурсам РК.

АДЫРНА КӨШЕСІ

Бұрынғы атауы – Самоцветный көшесі. Құлагер көшесінен басталады. Ұзындығы – 344,2 м.

Адырна – қазақтың көп ішекті шертпелі саз аспабы.

УЛИЦА АДЫРНА

Прежнее название – улица Самоцветная. Начинается с улицы Құлагер. Длина – 344,2 м.

Адырна – казахский многострунный щипковый музыкальный инструмент.

АЙГӨЛЕК КӨШЕСІ

Бұрынғы атауы – № 94 көше. Ұзындығы – 811,3 м.

Айгөлек – қазақ ұлттық ойынының, әннің және бидің атауы.

УЛИЦА АЙГӨЛЕК

Прежнее название – улица № 94. Длина – 811,3 м.

Айгөлек – название казахской национальной игры, песни и танца.

АЙҒАНЫМ КӨШЕСІ

Бұрынғы атауы № 171 көше. Ұлбике ақын, Қыз Жібек, Айша бибі, көшелерімен қиылысып, Қорғалжын тасжолында аяқталады. Ұзындығы – 967,2 м.

Айғаным Сарғалдақызы (1783-1853) – Ш.Уәлихановтың әжесі, Уәлидің кіші әйелі. Айғаным өз заманының алдыңғы қатарлы адамы болған. Шоқанның болашақта үлкен ғалым болып қалыптасуына әжесі Айғанымның әсері көп болған.

УЛИЦА АЙҒАНЫМ

Прежнее название – улица №171. Пересекается с улицами Ұлбике ақын, Қыз Жібек, Айша бибі, заканчивается на трассе Қоргалжын. Длина – 967,2 м.

Айғаным Саргалдакқызы (1783-1853) – бабушка Ч.Валиханова, младшая жена его деда Вали. Айғаным была передовой женщиной своего времени. Большую роль сыграла Айғаным в становлении личности Чокана как будущего крупного ученого.

АЙҒЫРЖАЛ КӨШЕСІ

Бұрынғы атауы – № 49 көше. Ақтамберді жырау көшесінен басталып, Сырым батыр, Б.Саттарханов көшелерімен қиылысады. Ұзындығы – 2223,6 м.

Айғыржал – елімізде осындай жер атаулары кездеседі.

УЛИЦА АЙҒЫРЖАЛ

Прежнее название – улица № 49. Начинается на улице Ақтамберді жырау и пересекает улицы Б.Саттарханов. Длина – 2223,6 м.

Айғыржал – встречается в названиях местностей в нашей стране.

АЙДАРЛЫ КӨШЕСІ

Бұрынғы атауы – №29 көше. Баршын көшесінен басталып, Ұлытау көшесінде аяқталады. Ұзындығы – 294,2 м.

Айдар – кішкентай баланың төбесіне қойылатын шаш. Айдар қою қаһарлы күш-қуаттың белгісі тәрізді болған. «Тұлымдысын тұл қылды, айдарлысын құл қылды» («Қобыланды батыр») деген тіркес жыр-аңыздарда кездеседі. Еліміздің бірқатар өңірлерінде осы аттас елдімекендер кездеседі.

УЛИЦА АЙДАРЛЫ

Прежнее название – улица №29. Расположена между улицами Баршын и Ұлытау. Пересекается с улицей Құланөтпес. Длина – 294,2 м.

Айдарлы – прядь волос, который оставляли на макушке бритой головы мужчин (у монголов, китайцев, калмыков, украинцев). Айдар – знак особой сокрушительной силы, свидетельствующий о получении звания, титула. В современном Казахстане тоже можно встретить мальчиков с такой прядью на голове. Некоторых регионах нашей страны встречаются одноименные названия.

АЙДАРХАН ТҮРЛЫБАЕВ КӨШЕСІ

Бұрынғы атауы – № 12-41 көше. Қарақожа орамынан басталып, Ж.Сейдалин көшесінде аяқталады. Ұзындығы – 933,5 м.

Айдархан Тұрлыбаев – Алаш қозғалысының қайраткері. Омбы гимназиясын және Санкт-Петербург университетін бітірген. Бірінші, Екінші жалпықазақ сиездерін және атты әскер полкін ұйымдастырушылардың бірі. Ақмола облыстық «Алаш» комитетінің төрағасы. Алашорда үкіметі Ұлт кеңесінің мүшесі.

УЛИЦА АЙДАРХАН ТҰРЛЫБАЕВ

Прежнее название – улица № 12-41. Начинается с переулка Қарақожа, заканчивается на улице Ж.Сейдалин. Длина – 933,5 м.

Айдархан Турлыбаев – деятель движения Алаш. Закончил Омскую гимназию и Санкт-Петербургский университет. Председатель комитета «Алаш» Акмолинской области. Один из организаторов Первого, Второго всеказахского съезда и национального военного полка. Член Национального совета Алашординского правительства.

АЙМАН-ШОЛПАН КӨШЕСІ

Бұрынғы атауы – № 102 көше. «Комсомол» тұрғын алабы. Қарашаш ана көшесінен басталып, Ақбаян көшесінде аяқталады. Ұзындығы – 766,2 м.

«Айман-Шолпан» қазақ халқына кеңінен лиро-эпостық жыр. Алғаш жазып алып баспаға ұсынған – Ж.Шайхисламулы. Жырда адамның бас бостандығы, ел тыныштығы, жұрт ынтымағы көтеріледі. Ежелгі жыр, айтыс үлгілері, кеңінен пайдаланылады. М.Әуезовтің «Айман-Шолпан» жыры бойынша жазылған музыкалық драмасы бар.

УЛИЦА АЙМАН-ШОЛПАН

Прежнее название – улица № 102. Жилой массив «Комсомол». Продолжает улицы Қарашаш ана и Ақбаян. Длина – 766,2 м.

«Айман-Шолпан» – лиро-эпическое сказание казахского народа. Впервые записал и предложил опубликовать Ж.Шайхисламулы. В сказании поднимаются проблемы свободы человека, народного благополучия, национального единства. М.Ауезов на основе сказания «Айман-Шолпан» написал одноименную музыкальную драму.

АЙНАБҰЛАҚ КӨШЕСІ

Бұрынғы атауы – Строительный көшесі. Болашақ көшесінен басталып, Арнасай көшесінде аяқталады. Ұзындығы – 255,4 м.

Айнабұлақ – бұлақтың тұнық, мөлдір бастауының атауы. «Айнадай күнге шағылысқан су» деген мағынаны береді. Сондай-ақ Айнабұлақ елдімекеннің де атауы.

УЛИЦА АЙНАБҰЛАҚ

Прежнее название – улица Строительная. Начинается с улицы Болашақ, заканчивается на улице Арнасай. Длина – 255,4 м.

Айнабулақ – означает чистый прозрачный родник как зеркало, отражающееся на солнце. Также это название населенного пункта.

АЙНАКӨЛ КӨШЕСІ

Сарыкөл көшесінен басталып, М.Жұмабаев даңғылын қиып өтеді, Абылай хан даңғылында аяқталады.

Айнакөл – еліміздің бірқатар өңірлерінде осы аттас елдімекендер кездеседі.

УЛИЦА АЙНАКӨЛ

Начинается с улицы Сарыкөл, пересекается с проспектом М.Жұмабаев и заканчивается на проспекте Абылай хан.

Айнакөл – в некоторых регионах нашей страны встречаются одноименные названия.

АЙНАТАС КӨШЕСІ

Көкбастау көшесінен басталып, Ойыл көшесінде аяқталады. «Өндіріс-2» тұрғын үй алабы.

Айнатас – табиғи, әшекей тас атауы.

УЛИЦА АЙНАТАС

Начинается с улицы Көкбастау и заканчивается на улице Ойыл. Жилой массив «Өндіріс-2».

Айнатас – естественный, декоративный камень.

АЙПАРА КӨШЕСІ

К.Күмісбеков көшесінен басталып, Кенесары көшесінде аяқталады.

Айпара – әдеби кейіпкер.

УЛИЦА АЙПАРА

Начинается с улицы К.Күмісбеков и заканчивается на улице Кенесары.

Айпара – литературная героиня.

АЙТАҢСЫҚ КӨШЕСІ

Әлімхан Ермеков көшесінен басталады. «Шұбар» тұрғын үй алабы.

Айтаңсық – «Айман-Шолпан» жырында кездесетін атау. Шығыс Қазақстан облысындағы елдімекен атауы.

УЛИЦА АЙТАҢСЫҚ

Начинается с улицы Әлімхан Ермеков. Жилой массив «Шұбар».

Айтаңсық – название встречающиеся в лирическом эпосе «Айман-Шолпан». Название населенного пункта в Восточно-Казахстанской области.

АЙША БИБІ КӨШЕСІ

Бұрынғы атауы – № 84 көше. Баян сұлу көшесінен басталып, Ақбаян көшесінде аяқталады. Ұлпан орамы, Домалақ ана, Қарашаш ана, Айғаным көшелерімен қиылысады. Ұзындығы – 1450,9 м.

Айша Бибі – шамамен XI-XII ғасырда өмір сүрген ару қыз. Айша бибі еліне сапарлап келген Қараханмен жүздесіп, бірін-бірі ұнатады. Алайда тұтқиылдан елін жау шапқанын естіген Қарахан дереу еліне аттанады. «Күйеу жігіттің еліне барып хабарын білейін» деген Айша бибіге әкесі рұқсат бермейді. 40 қыз жолдасын ертіп, Қараханның еліне таянған Айша бибі су бойына тоқтап, жуынады. Сол кезде сәукеленің ішіне жасырынып қалған улы жылан Айшаны басынан шағып өлтіреді. Қыздардың хабарын естіген Қарахан да жетеді. Бірақ Айша тілге келмейді. Қарахан Айша бибінің қабірінің үстіне күмбез салдырады.

УЛИЦА АЙША БИБІ

Прежнее название – улица № 84. Начинается с улицы Баян сұлу, заканчивается на улице Ақбаян. Пересекается с переулком Ұлпан, улицами Домалақ ана, Қарашаш ана, Айғаным. Длина – 1450,9 м.

Айша бибі – имя прекрасной девушки, которая жила примерно в XI-XII веках. Она была возлюбленной Карахана – правителя Караханидского государства. Карахан приехал в гости к отцу Айша бибі, там они познакомились и влюбились. После известия о вражеском нападении Карахан уезжает на защиту родного края. В установленное время Карахан не приезжает, девушка переживая за его судьбу, спрашивает разрешения у отца поехать и навестить его. Но даже не смотря на запрет, она двинулась в путь в сопровождении сорока

девушек. По пути она умирает от укуса змеи на берегу реки Талас. Услышав о кончине Айша биби от девушек, Карахан совершает обряд помолвки, надеясь воссоединиться с нею в другом мире, и в знак любви строит гробницу-мавзолей.

АЙЫРТАУ КӨШЕСІ

Бұрынғы атауы – № 34 көше. «Көктал» тұрғын алабы. Ақсуат көшесінен басталып, Ұлытау көшесінде аяқталады. Ұзындығы – 149,7 м.

Айыртау – Ақмола облысындағы тау.

УЛИЦА АЙЫРТАУ

Прежнее название – улица №34. Жилой массив «Көктал». Продолжает улицы Ақсуат и Ұлытау. Длина – 149,7 м.

Айыртау – гора в Акмолинской области.

АКАДЕМИК РАМАЗАН СҮЛЕЙМЕНОВ КӨШЕСІ

Бұрынғы атауы – № 1 көше. Айғыржал көшесінен басталып, Бекет ата көшесінде аяқталады. «Үркер» тұрғын үй алабы. Ұзындығы – 597,7 м.

Рамазан Сүлейменов – көрнекті тарихшы-ғалым, Қазақ ССР Ғылым Академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор. Зерттеу еңбектері қазақ, Қазақстан мәдениетімен байланысты.

УЛИЦА АКАДЕМИК РАМАЗАН СҮЛЕЙМЕНОВ

Прежнее название – улица № 1. Начинается с улицы Айғыржал и заканчивается на улице Бекет ата. Жилой массив «Үркер». Длина – 597,7 м.

Рамазан Сулейменов – известный ученый-историк. академик Академии наук Казахской ССР, доктор исторических наук, профессор. Научно-исследовательские работы связаны с культурой Казахстана.

АҚАН СЕРІ КӨШЕСІ

Бұрынғы атауы – Оренбургский көшесі. М.Дулатов көшесінен басталып, Қарталы көшесінде аяқталады. Оқжетпес, М.Жәлел, Шақпақ көшелерін қиып өтеді. Ұзындығы – 1425,6 м.

Ақан сері Қорамсаұлы (1843-1913) – қазақтың әйгілі ақыны, әнші, композиторы. Ақан сері жас кезінен өнерімен көзге түсіп, кейін ақындық, әншілік өнері кемелденген соң алты алашқа аты мәлім сері атанған. Ақан серінің «Ақтоқты», «Алтыбасар», «Мақпал», «Балқадиша», «Сырымбет», «Майда қоңыр», «Маңмаңгер»,

«Қараторғай», «Құлагер» т.б. әндері қазақ халқы арасына кеңінен тараған. Серінің өмірі мен тағдыры туралы І.Жансүгіров «Құлагер» поэмасын, Ғ.Мүсірепов «Ақан сері – Ақтоқты» драмасын, С.Жүнісов «Ақан сері» атты романын жазды.

УЛИЦА АҚАН СЕРІ

Прежнее название – улица Оренбургская. Начинается с улицы М.Дулатов, пересекается с улицами Оқжетпес, М.Жәлел, Шақпақ, заканчивается на улице Қарталы. Длина – 1425,6 м.

